

**SD07100 – «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға
«Темір жол көлігіндегі апат салдарын жою кезінде экологиялық
қауіпсіздікті автоматтандырылған бағалаудың әдістері мен модельдері»
тақырыбындағы Шалабаева Майра Хусановнаның
диссертациялық жұмысына
ПКІР**

Қазіргі жаһандық индустриялық өркениеттің дамуындағы маңызды өзекті мәселелердің бірі қоршаған ортаның (ҚО) антропогендік сипаттағы шығарындылармен ластануы болып табылады. Әлемнің дамыған өнеркәсіптік өңірлеріндегі жер үсті көлігі, оның ішінде теміржол көлігі (ТЖК) экономиканың барлық салаларын дамытудың негізіне айналды. Бұл ретте көліктен, оның ішінде ТЖК-ден ҚО-ға экологиялық жүктеме де маңызды болып қала береді. «Көлік – ҚО – адам» үштігінің экологиялық құрамдас бөлігін өзара байланысты кешенді жүйе ретінде талдау ТЖК-дегі экологиялық өзекті мәселелердің шиеленісуі және оның ҚО-ға кері әсерінің күшеюі осы үштіктің экологиялық құрамдас бөлігіне жеткіліксіз назар аударудың салдары екенін көрсетті. Алайда, бұл өзекті мәселе бүгінде бүкіл әлемдегі, ҚР-дағы да, атап айтқанда, ТЖК даму қарқынының салдарынан экологиялық жағдайға әсер ете бастады. Бұл ретте қауіпті жүктерді (ҚЖ) тасымалдау кезінде қауіпті уытты заттардың шығарындыларынан болатын апаттық жағдайлар ТЖК пайдалану үрдісінде орын алатын ең қауіпті құбылыстардың бірі болып табылады.

Диссертант жұмысында ТЖК-дегі апаттық жағдайлардың салдарын жою кезінде экологиялық қауіпсіздікті басқарудың отандық, әлемдік тәжірибені талдау және қорытуды негізге алынатын кешенді жүйелік тәсілді; жаппай қызмет көрсету жүйесі (ЖҚКЖ) теориясының әдістері; объектіге бағытталған бағдарламалау әдістері қолданылды.

Диссертациялық жұмыста апаттық жағдайдың туындау мүмкіндігін ТЖК қауіпсіз жұмыс істеу жағдайының бағдарланған бағаны түрінде ҚЖ теміржол тасымалы жүйесі ресімделді. ЖҚКЖ әдістері мен осы әдістердің бейімделген нұсқалары негізінде математикалық модельдер жетілдірілді, теміржол көлігінің функционалды ішкі жүйесінің құрылымдық бөлімшелерінің апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастырудың әртүрлі сызбаларын негіздеуге мүмкіндік береді. ТЖК инфрақұрылымдық объектілерінде ауа сапасын мониторингілеудің мобильді автоматтандырылған жүйесі жобаланды және іске асырылды.

Диссертациялық жұмыс ғылыми нәтижелері ашық баспасөзде жарияланған толыққанды аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Темір жол көлігіндегі апат салдарын жою кезінде экологиялық қауіпсіздікті автоматтандырылған бағалаудың әдістері мен модельдері» тақырыбындағы Шалабаева Майра

Хусаиновнаның диссертациялық жұмысы айтарлықтай жоғары ғылыми-техникалық деңгейде орындалып, 8D07100 – «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай орындалған деп санаймын, ал оның авторы философия докторы PhD атағына лайықты.

Ғылыми кеңесші,
Техника ғылымдарының докторы,
профессор



РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР СЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
РУКОВОДИТЕЛЯ
ЗАБЕРЯЮ: УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
КОЛЫ ПОДПИСЬ Ахметов Б. С.

Ғылыми кеңесшінің қолын растаймын